| | қолмен және жерге аяқ ұшымен жазып көрсету.<br>Балалар біз ауда жазғанда да, жерге жазғанда да 5 санын көре алдық па?<br>Ендеше , біз 5 санын алдымызда тұрған көмекші құралдардың көмегімен жазып көрейік.<br>2 бала: Мозайканың көмегімен жазады.<br>2 бала: Манный кашаның көмегімен жазады.<br>4 бала: Воскобовичтің сегіздігінің көмегімен.<br>4 бала: Киюзби таяқшасының көмегімен.<br>4 бала: Воскобовичтің геобордының көмегімен жазады.<br><br>**Ғажайып сәт:**<br>Кенет есікті біреу қағып, ғажайып әуен ойнап «Тазша бала» кіріп келеді.<br>Сәлеметсіңдер ме балалар?<br>Мен «Ертегілер» деп аталатын ғажайып елден келдім.<br>Мен сендерге қонаққа келдім , менің атым Тазша бала. Мен өзіммен бірге өзімнің ғажайып сандықшамды ала келдім. Бұл Сандықшада «қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі «Асық» бар». Сендер асық ойындарын үйреніп,ойнағыларың келеді ме?<br>Ол үшін біз мына сандықшаны ашып алуымыз керек.<br>Ендеше, сендер беске дейін санап, сандардың көршілерін табуларың керек.<br>Сандықша ашылып, ішінен түрлі түсті асықтар шығады.<br>- Тазша бала, сіз бізге мына асықтарды бере аласыз ба?<br>-**Тазша бала**: - Иә, Бірақ бұларды берсем мен немен ойнаймын? Сендер бұл асықтарды не істейсіңер?<br>**Тәрбиеші:** Оооо, неткен керемет десеңші.<br>Ендеше, біз сендермен келісіп алайық! Сендер маған мына тұрған заттарды үйретіп , не үшін пайдаланатынын, қалай жасайтынын түсіндіріп беріңдер. | 5 Санын ауада қолмен және жерге аяқпен жазады.<br><br>Жоқ.<br><br>Иә!<br><br>Иә! Асық ойындарын үйреніп, ойнағымыз келеді.<br><br>Балалар тапсырманы орындап, беске дейін санап , сандардың көршілерін табады.<br><br>Біз бұл асықтарды қазіргі заманға сай жаңартулар енгізіп , шашки,есепшот, т,б , дүниелер жасап шығамыз.<br>Жарайды!<br>. |
| йымдастырушылы | **Орталықтарға бөлініп жұмыс жасау:**<br>**1 орталық Шығармашылық ,Сурет салу**: | |

Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| к-Ізденуші | 1 бала : Эбру технологиясын пайдалана отырып суға сурет салады.<br>4 бала: ПВА клейін қолданып триз технологиясы бойынша сурет салады.<br>2 бала: Көбік Пенамен Триз технологиясымен сурет салады.<br>1 бала: Сүтке сурет салу.<br><br>**2 орталық Заманауи технология**:<br>2 бала: Ақылды тышқанның көмегімен «Математика қалашығына» саяхат жасау.<br>**3 орталық**:<br>2 бала: Құм терапиясын қолдана отырып күз бейнесін салу.<br>**4.орталық:**<br>2 бала: Тазша баламен бірге шашки үйреніп ,ойнау.<br>**5 орталық** :<br>2бала: ӨТШТ технологиясын пайдаланып луллия шеңберімен Түстер мен сандарды сәйкестендіру. | Орталықтарда жұмыстармен Танысады |
| | **Сергіту сәті:**<br>**Ақылды қаламсаптың көмегімен.**<br>Балалар біздің қолымызда қанша саусақ бар?<br>5 цифрына байланысты саусақ аттары бар екен. | Сергіту сәтін жасайды. |
| | **Қане, атап көрейікші:**<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ,<br>Оларды атап шақырар ,<br>Әрқайсысының аты бар.<br>Бас бармақ,<br>Балан үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкентай бөбек.<br><br>**Орталықтарға бөлініп жұмыс жасау.** Балаларды ортаға қайта шақыру.<br>Белсенділік орталықтарындағы жұмыстарын талдау, бағалау, мадақтау.<br>Тазша баланың еліне қайтатын уақыты таяп қалыпты . | Орталықтарға бөлініп жұмыс жасайды. |
| | Оның еліне апарар есік жабылып қалыпты оны ашу үшін біз екі тілде 5-ке дейін тура және кері санап беруіміз керек екен. Және де көк қасқырға көмектесуіміз керек екен. Сонда көк қасқыр бізге есіктің кілітін береді. | Екі тілде 5-ке дейін тура және кері санайды.<br><br>Тазша баламен қоштасады. |

Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | Есік ашылып, Тазша балаға ақылды қаламсапты сыйға беріп, қоштасады. | Логикалық тапсырманы орындап береді. |
| Рефлексивті коррекциялаушы | Балалар, үйге санамақтар жаттап келуге тапсырма берілген болатын. **Кәне, санамақты бастайық.**<br>Ал, санайық санамақ,<br>Саусақтарға қарап ап.<br>Қане,кане санайық,<br>Санын біліп алайық.<br>Біреу, екеу, үшеу,төртеу, бесеу,<br>Қолымда сонда саусағым нешеу?<br><br>**5-ке дейін санамақ айту.**<br>Бір дегенің бесік,<br>Содан шықтық өстік.<br>Екі дегенің елім,<br>Өзен тауым көлім<br>Үш дегенім үміт,<br>Үміт артар жігіт<br>Төрт дегенім төзім,<br>Төзе білім өзім<br>Бес дегенім бақыт,<br>Бағалайтын уақыт.<br>Жарайсыңдар балалар! Өздерің зерек екенсіңдер.<br><br>Оқу қызметін қорытындылау.<br>Жақсы жауап берген балаларды мадақтау. Оқу қызметіне белсенді қатысқандары үшін марапаттау.<br>Қорытындылау. | Балалар санамақтар айтады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Не білуі керек**:5 көлеміндегі сандарды; 5 санының 5 бірліктен тұратынын
**Нені игереді:** **5** санын қолды үзбей жазуды,5 санының құрамын,жаңа технологияларды.
**Не үйренді:** Екі тілде 5 ке дейін санауды

Scanned by TapScanner






Scanned by TapScanner

«Бекітемін»
«Қызғалдақ» бөбекжай балабақшасы
МКҚК-ның меңгерушісі
_______________ Ж.Жакенова

# Тақырыбы: «Жомарт күздің жемістері»

## «Балдырған» ортаңғы тобы

Тәрбиешілер: Иманбай Дина
Әбен Мейіргүл



Scanned by TapScanner

## «Балдырған» ортаңғы тобында ұйымдастырылған оқу іс –әрекетінің технологиялық картасы

**Білім беру саласы: Сөйлеуді дамыту,Шығармашылық**

**Сабақтың тақырыбы** :Жомарт күздің жемістері (Кіріктірілген сабақ )

**Мақсаты**:Балаларға күзгі табиғат ерекшелігі туралы түсінік беру,жемістер туралы білімдерін кеңейту,ойынға деген қызығушылығын арттыру,ұқыпты таза жұмыс жасауды игерту

**Білімділігі**: Ойлау қабілетін дамытуға, сөйлеу шеберлігін, шығармашылыққа деген құштарлығын, ықыласын, ізденпаздығын аттыру.

**Тәрбиелігі:**Балаларды өз ара топпен жұмыс істеу дағдысына және бірлесіп жұмыс жасауға тәрбиелеу.Өз пікірін айта отырып,басқалардың пікірін тыңдауға,еңбексүйгіштікке,үлкендердің еңбегін бағалауға,топпен жұмыс жасауға тәрбиелеу.

**Дамытушылық**:Балалардың іскерлігін,ойлау ,есте сақтау қабілеттерін дамыту ,шығармашылық белсенділіктерін және өз ойын анық жеткізу

**Пән аралық байланыс:** Сөйлеуді дамыту,орыс тілі драма, бейнелеу, сурет,

**Көрнекілік:Себеттегі** жемістер , Кленкалы театр және слайд

**Әдіс-тәсілдер**:Әңгімелеу, сұрақ-жауап, ой қозғау, топтастыру, триз,дамыта оқыту әдісі.

**Қазақ тілі,орыс тілі** :Алма-яблока, жүзім-виноград,Шабдалы-персик,алмұрт-груша,өрік-слива

| Оқу –іс әрекетінің кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| | Шаттық шеңбер:<br><br>Қол алысып кәне біз<br>Достасайық бәріміз<br>Айтарым бар сендерге<br>Тез тұрыңдар шеңберге.<br>Қандай жақсы дос болу<br>Достарменен бір жүру<br>Күлкіміз де көңілді<br>Нұрландырар өмірді.<br>Салеметсіздер ме,қонақтар !<br>Здраствуйте,гости!<br>Здраствуй солнце золотое Здраствуй небо голубое Здраствуй осень золотая | Балалар тәрбиешімен бірге жасайды айтады<br><br>Амандасады |

Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | Мы приветствуем тебя | |
| | Ғажайып сәт:(Есік қағылып біреу келуі) | |
| Мотивациялық-қозғаушылық | Балалар қарандар,мұнда не бар екен көрейік? Мынау Күз ханшайымының сыйлығы<br>Қалай ашамыз?Қолымызды соғып,алақанымызды жазып үрлесек ашылады.Жарайсыңдар<br>Ішінде хат бар екен.Онда тапсырмалар жазылыпты.<br>**Ойын**: «Мен сұраймын,сендер жауап беріңдер»<br>Мен сендермен «Мен сұраймын сендер жауап беріңдер» деген ойын ойнағым келеді,ойнайықпа балалар? .Иә<br>Кәзір жылдың қай мезгілі?<br>Күзде жапырақтар қайтеді?<br>Күзде бау-бақша неге толады?<br>Қамбалар да не сақталады?<br>Күз мезгілінің неше айы бар?<br>Жарайсыңдар!<br><br>Жұмбақ жасыру:<br><br>Күз ханшайымының жемістерін алып аттарын атайық Алма-яблоко,Жүзім-виноград,Шабдалы-персик<br>Жемістер туралы екі тілде тақпақ айту<br>Іші толған шәрбат Дәні қандай әйбәт<br>Үзесің бірден жүзін Оның аты жүзім<br><br>Скажи на русском языке Тіл ұстарту жаттығуын жасайық.<br>Р-р-р-ар-анар<br>А-а-а алма<br>Ү-ү-ү жүзім<br>Ш-ш-ш шабдалы<br>Тіл ұстарту жаттығуымыз нелер туралы айтылған?<br>Тәрбиеші :Ендеше осы жемістердің адамға пайдасы барма?<br>Иә, балалар, жеміс-жидектерде дәрумендер өте көп болады Олар адам дамуына, денсаулығына пайдалы.Сондықтан жеміс-жидектерді адамдар көп пайдаланады және жақсы көреді. Олардың дәмдері де әртүрлі.<br>Шырын сыққыш құралмен алма шырынын шығару(тәжірибе жасау)<br>Балалар өздеріне таныс «Алма»ертегісін кленка театрымен | Күз<br>Сарғаяды<br>Жеміс-жидекке<br>Астықтар<br>3 -айы бар<br><br>2- баладан сұрау<br><br>Әрі қызыл әрі тәтті<br>Жеген жанды таңыркатты?<br>Ол не?<br><br>Алма<br><br>жеміс-жидектер туралы айтылған.<br><br>Балалар,өздері білетін жемістерді атай бастайды<br><br>Балалар өз түсініктері бойынша жауап береді, әңгімелейді<br><br>1-2 баладан сұрау |

Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| Рефлексивті-түзетушілік | әңгімелейді<br>Физминутка<br>Сергіту сәті: (Ән әуенімен жүру)<br><br>Балалар,кімге қандай жеміс ұнайды алып, оң жақ кеуделеріне жапсырыңдар Жарайсыңдар!<br><br>Тақтаға назар аударамыз.Енді балалар,біз топпен жұмыс жасаймыз.<br><br>**1-топ**.алма алған балалар сендер мына алманы тақтадағы ағашқа басу әдісін пайдаланып,бояйсыңдар<br><br>**2-топ** балалар сендер мына кесілген тәтті бұрыштармен гүлдің бейнесін жасайсыңдар<br><br>**3-топ** Сендер шашырату әдісін пайдаланып әр түрлі жапырақтардың көлеңкесін шығарыңдар<br><br>**4-топ** Сендер мына қағаз бетіне ағаш суретін салып,айналасына сарғайған жапырақтарды бейнелейсіңдер<br><br>Жарысып жасаңдар қай топтың балалары мықты шебер екен көрейік.Жұмысын аяқтаған топтың балалары өз жұмыстарын қорғайды.<br><br>Жасаған жұмысымызды Күз ханшайымына сыйлайық.Ән Күз тамаша<br><br>Балалар сендерге сабақ ұнады ма?<br><br>Олай болса алдарыңда тұрған смайлктермен өз көңіл күйлеріңді көрсетіңдер! Жарайсыңдар Сабақты Халық даналығы «Бірлесе көтерген жүк жеңіл» мақалмен аяқтаймын. | Балалар ұнаған жемістерін алады<br><br>Балаларға көрсету<br><br>Балалар сабаққа жақсы қатысты<br><br>Топпен бірлесе жұмыс жасаулары да өте жоғары деңгейде болды<br><br>Әр топ өздерінің жасаған жемістерін қорғады. |
| | | |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Күз мезгілі туралы,табиғатта болатын өзгерістерді,жемістердің пайдасын
**Игереді:** Жемістерді әр түрлі әдіс тәсілдерді пайдаланып жасады

Scanned by TapScanner





Scanned by TapScanner

«Бекітемін»
«Қызғалдақ» бөбекжай балабақшасы
МКҚК-ның меңгерушісі
_______________ Ж.Жакенова

# Тренинг

## Тақырыбы: Алтын сарай

Психолог:Қамбарова Бақтыгүл




Scanned by TapScanner

Сәлеметсіздерме әріптестер және қонақтар!Біздің "Қызғалдақ" бөбекжай бала бақшасына қош келипсіздер!

**Шеңбер болып тұрайық жылы жүзбен,**

**Бізге келсін қуаныш нұр іздеген.**

**Шуақ толған жанымыз жүрегіміз**

**Үлгі алсын көрген жан мына бізден.**

**Семинарға қатысушылар ортаға шеңбер болып тұруға шақырамын.**Шенер бұл мейірімділік,шеңбер бұл әлемдегі жақсылық шеңбер арқылы бір-бірімізге қарап бақыт, қуаныш тілей аламыз.Бүгін мен сіздермен өрмекші торы жаттығуын жасамақпын,барлығыңыз ортаға келіңіздер, бұл тренинг танысу тренингі болып табылады. **Бұл жіп –жіпті бір –бірімізге лақтыру арқылы өз есімдеріңізді айтасыздар,**содан соң есімдеріңіздің бірінші әріпінен бір-бір жақсы сөздер айтуымыз керек.Мысалы:Бақыткүл-мен бақыттымын деген сияқты.Әріптестер біздің енді өрмекші торымыз құралды.Өрмекші тордың өрмегі жақсы құралған жерге мен енді қаламсапты қоямын.Бұл өрмекші торын жасаған себебім барлығымыз осы салада қызмет етеміз,сол **себепті қаламсапты бәріміз бірге көтерейік жұмыла көтерген жүк жеңіл демекші ,жоғары** көтеріп,төмен түсіреміз рахмет енді орындарыңызға жайғассаңыздар!

Ендігі менің келесі тренингім «Алтын сарай» релаксациялық жұмысы болып табылады.

**Мақсаты:**Әркімге өз орнын тауып,топ мүшелеріне өзінің бір тұтас жүйенің ішінде дара екенін сезіндіру мүмкіндігі бар.өмірде болып жатқан күйбең тіршіліктен бір мезгіл тығыну,шешімін таппай жүрген мәселелерді уақытша ұмыту,түйсіну процесін **дамыту мақсатында қолданылады**.

**Көрнекілігі:магнитофон**

**Психологиялық дайындық**:Енді сіздерден сұрайтыным ыңғайланып отырып,өздеріңізге кедергі келтірмейтіндей етіп заттарыңызды жинақтап,менің нұсқам бойынша ойша жүріп **отыру**.

**Негізгі бөлім**

**Дайын болсақ басайық.Музыка**

Көзімізді жұмып,терең демалып еркін тыныстаймыз.Сіз куз айында серуендеп жүріп келесіз әр ағаштың жанынан өткен сайын сары-жасыл жапырақтардың иісін сезесіз,кенеттен алдыңыздан биік заңғар тау көрінді,таудан салқын самал жел еседі,құлағыңызға бұлақтан сылдырлап аққан судың дауысы келеді,самал желдің бетіңізден өпкен лебін ,райхан гүлінің хош иісін ,құстардың сайраған дауысын естідіңіз.Бұл жағымды сезім өте нәзік ,жұқа ,жаңа ғана ашылған раушан гүл секілді,ол

Scanned by TapScanner

сіздің жүрегіңізде ашылды,сөйтіп бүкіл денеңізге хош иісі таратылады.Өзіңізге іштей айтыңыз –«мен салмақтымын,төзімін,қиындықты жеңіп келемін,келешекте мені жақсы күндер күтіп тұрғанына сенімдін»

Осындай жағымды көңіл-күймен келе жатқанда алдыңыздан алтын күнбезді зәулім сарай көрінеді.Сізден қол созым жерде тұрған «Алтын сарай» ға беттейсіз.Жақындаған сәтте алдымыздан сарайдын қақпасы ашылды.Табиғаттың әсем әуенімен үйлескен бұлбұл құстардың сайраған әнімен сарайдың есігін ашасыз.Сіз аттап ендіңіз сарайдың іші ерекше безендірілген бөлмелерге толы.Сіз алғашқы бөлмеге кірдіңіз.Бөлмеде уылжып піскен жемістер дастарханда жайнап тұр.Өзіңіз ұнататын жемісті таңдап алып дәм таттыңыз.Сіз «жеміс бөлмесінен»шығып жоғарғы бөлмеге аяқ бастыңыз .Бұл бөлмеде сіз, аяулы анаңызды ,асқар тау әкеңізді,бірге туған бауырларыңызды ,ағайын-туысқандарыңзды көріп ерекше күйге бөленіп,сағынышыңызды басып ,қауышасыз.

Келесі бөлмеде сізді дастархан басында бала күннен бірге өскен дос-жарандарыңыз құшақ жайып қарсы алады.Жоғарыға қарай көтеріліп,соңғы бөлменің есігін аштыңыз.Әсем өрнектелген сандықтардың есіктері айқара ашылып,ішінен алтын теңгелер,бағалы асыл тастар төгіліп жатыр.Сандықтарға жақындап көңіліңізге ұнаған інжу-маржаннан алтын теңгелерден қоржынды толтырып алып, болмеден шықтыңыз.Жоғарыдан төменге қарай қарай аяқ басып келесіз... ойыңызда дәл осы-шақта бір ғана сұрақ:Осы байлықты кіммен бөліссем екен? Ата-анаммен бе? Туған бауырларыммен бе? Қиын сәтте қолын созған достарыммен бе?Кіммен бөлісем?Кімге жақсылық жасаймын?

**Терең дем алып ,көзімізді ашайық!**

**Қорытынды бөлім:** Құрметті әріптестер сіздер «Алтын сарайға » саяхат жасап,оралдыңыздар.Ендігі кезекте «Алтын сарайдан» алған әсерлеріңізбен бөлісейік.Көкейде тұрған сұрақтар,алған әсерлеріңіз жайлы еш қысылмай,ортаға салайық.

Бүгінгі шара өз мәресіне жетіп,сіздерден жақсы әсер алдыңыздар деп ойлаймын.Өмірлеріңіз «Алтын сарайдың» бөлмелеріндей жақсылыққа, бақытқа, қуанышқа, байлыққа толы болсын.Бір тамшы мейірім біздің балалар үшін бір қоржын алтынмен тең.Бір тамшы мейірім оларды бақытты етеді. Олай болса,балаларымыздың өмірлері жақсы болуы үшін қолымыздан келгеннің барлығын жасап,қамқорлығымызды аямайық . Рахмет!

Scanned by TapScanner



Scanned by TapScanner

«Бекітемін»
«Қызғалдақ» бөбекжай балабақшасы
МКҚК-ның меңгерушісі
____________ Ж.Жакенова



# Тақырыбы: "Орман сиқыршысы"

Музыка жетекшісі:Нұржанова Гүлмира



Scanned by TapScanner

# «Орман сиқыршысы»

Армысыздар құрметті де қадірлі конақтар. Сіздерге әркашан осы күз мезгіліндей молшылық тілейміз. Күз мезгіліндей табыс тілейміз.
«Жомарт күз» атты мерекелік іс шарамызға қош келдініздер.
Сахынада орман жайлы музыка ойнап тұрады.

Алтын, алтын сары алтын,
Алтын күзде нұр жатыр.
Ағаштары жамырап
Ұшты кенет жапырақ.

Арыстандай ақырып
Сары орманды қақ жарып
Келіп калды орман сикыршысы.
ГУ-гу-гу-гу
Мен орман сикыршысымын
Тау асып, қыр асып келемін.
Өте ашулымын. Гу-гу-гу
Осы жерді ойпандағым келіп тұр

Осы сәтте күз ханшайымы кіріп келеді. Армысыз орман сиқыршысы! Сәлем бердік! Біздің алтын күз мезгілімізге келіп қалыпсыз. Біз сізге арнап сый – сыйапат дайындап койдық. Бәлкім сонда ашуыңыз басылар. Біздің кішкентай бүлдіршіндеріміздің ән-билерін тамашалап көрсеңіз қалай болады.

- Жарайды қане көрейік.
  Қырманға кел қалқатай. (биі)

Ал енді Жанерке қызымыздың «Аққу арман» орман әнін тыңдайықшы.

Күздің қазан айында
Жапырақтар сарғайып сыбдыр, сыбдыр түседі.
Күн шуаққа маужырап
Жатыр еді нұр арман
Ағаштардан жамырап
Ұшты кенет жапырақ.
Қыздардың жапырақ биін тамашалаймыз.

Мың бұралып би билейді Біздің Жания қызымыз.
Үнді биі «Хаттуба»
Алтын күз айналам
Қараймын, көзім тойғанша
Көңілді бір көтерсек болар еді тамаша
Ендігі кезект «Көңілді көтеріңкі көңіл күй» биін тамашалаймыз.

Отан - дейміздi от жаққан жеріміздi
Отан –дейміз өсірген еліммізді.
Отан –дейміз туған жер, атамекен
Биік тау , орман тоғай көлімізді.
«Отан» туралы ән.

Ой, жарайсыңдар балалар! Менің көңілім сондай шарықтап қалды. Мен енді дауыл тұрғызбаймын. Күз мерекесі бәріңе берекелі, мерекелі болсын. Мен енді сендермен қоштасайын. Сау болыңдар.
Тәрбиешілердің әнұраны «Атамекен» әні

Scanned by TapScanner

**«Қызғалдақ» бөбекжай балабақшасы МКҚК-ы**

***«Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында мектепке дейінгі ымдарда білім берудің тиімді әдістері»*** тақырыбындағы аудандық кірибелік әдіс алмасу жұмысының

**хаттамасы**

казан 2018ж

Қатысқандар-86
(тізім қоса тігілді)

**Күн тәртібінде:**

**«Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында мектепке дейінгі ымдарда білім берудің тиімді әдістері» тақырыбындағы аудандық кірибелік семинардың өтілу барысы туралы**

**Тыңдалды:**

Әдіс алмасуды аудандық білім бөлімінің мектепке дейінгі білім беру скері Шырын Пернебай «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында мектепке йінгі ұйымдарда білім берудің тиімді әдістері» тақырыбында сөз қозғап .әдіс масу барысымен келген қонақтарды таныстырып өтті, слаид арқылы лабакшанын ашылғаннан бергі тыныс тіршілігімен таныстырылды.

Бағдарламаға сәйкес бірінші кезекте ІІ-кіші «Ботақан» тобында Ералиева емгул «Күзгі баққа саяхат» тақырыбында,ІІ-кіші «Балауса» тобында «Күз йлығы» тақырыбында ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері өткізілді.

Ал ІІ-кезекте ортаңғы «Балдырған» тобында Иманбай Дина орыс тілі маны Әбен Мейіргүл «Жомарт күздің жемістері» тақырыбында ,ортаңғы арлығаш» тобында Әбдікадір Гүлзат ,Ануарова Жайдаркүл «5ке дейін санау» қырыбында ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері өткізілді.

ІІІ-кезекте психолог Қамбарова Бақтыгүл «Алтын сарай», «Кір машина» енингін музыка залында келген әдіскер,тәрбиешілермен өткізді.

Саз жетекшісі Нұржанова Гүлмира ертегі желісімен «Орман сиқыршысы» қырыбында музыка залында концерттік бағдарламамен қорытындыланды.

1. **Жеңіс ауыл әкімі А.Талдыбаев өз сөзінде**

«Балалардың болашағы балабақшадан басталады»-деген.Көріністің бәрі биеліктің мәні зор. «Жеңіс» деген ауыл кішкентай болғанымен осындай Жакенованың басқарған балабақшасы өте мақтауға тұрарлық,ұжымдары өте ымшыл ,балаларды өнерге ,мәдениетке баулығандарына рахмет.

**2. Аудандық кәсіподақ ұйымының төрайымы: З. Маханова ханым** өз інде,Бүгінгі семинар өз мәресінде өтті деп ойлаймын.Баланың танымдық ой сін жақсы дамытатын мезгіл күз мезгілі.Балалардың ой өрісін жақсы аша ді. Бүгінгі тақырыпта елбасымыздың бастамасы «Рухани жаңғыру» аясы тылып өтті. Балалардың сенсорлық танымдық арттыру қабілеттерін жақсы муына жағдайлар жақсы жасалынған. Кей балабақшалардың меңгерушілеріде зираға қолдау көрсетуге келіп отыр.Болашақта жаңа жылға өзіміздің ындардың патриоттық әндерінен конкурстар ұйымдастырып жатырмыз. Сол нкурсқа сіздерде қатысуға атсалысыңыздар. Сіздерге сәттілік!

**3.Аудандық кәсіподақ ұйымының төрағасы: Әлдібек Сәдірмек ынасылұлы**

Scanned by TapScanner

Жоғарыда Ардақ мырза айтқандай ,сіздер балабақшада періштелердің ...ында жүрсіздер- деп бастады . Бүгінгі алға қойған 4К моделі тәрбие ісі,сыни ...лау қабілеттерінің барлығын іске асыра білдіңіздер. Қатаң салт ...сүрімізді,болашағымызды қалыптастыратын осы сәбилер. Солардың ...ылыстары өте қатты ұнады. Күз мезгілінің тақырыбын өте жақсы ашa ...ді.Бүгінгі семинар өз деңгейінде өтті деп ойлаймын.

Абай атамыз айтқандай «Орта түзер ойыңды» дегендей ,осы орта дами ...рсін. Рахмет сіздерге.

**4.Семинар аудандық білім бөлімінің мектепке дейінгі білім беру ...ымының әдіскері Шырын Перисбай өз сөзінде:**

Біздің аудан кәсіподақ ұжымы өз жұмыстарына өте қырағы .Себебі бізге ...н жағдайларда бізге жәрдемі жақсы. Қыздардың жасап жатқан жұмыстарын ...ріп,өз ойларымен бөлісіп,жаңашырлық танытып жатыр. Жалпы балабақша ...ұмыстары қанағаттанарлық деңгейде . Енді осы жасалған жұмыстарды ...лықылап сараптаймыз.

**Жарыс сөзге шыққандар :**

**1. «Балдырған» балабақшасының әдіскері Омарова Б**

Орынкүл апайдың салған ізімен Жазира өте жақсы ұйымдастырған.Мен ...отақан» тобында»Күзгі баққа саяхат» тақырыбында ашық ұйымдастырылған ...у қызметінде болып ,күзді сипаттап,жұмбақ жемістер,тосын сәттер,сенсорлық ...білеттерін байқау мақсатында себетке жемістер толтырды. Саусақ ...оторикасын жетілдіре отырып жемістерді кірпіге жапсырды. Асемгүлдің дауыс ...рғағы балаларды өзіне баурауы болды

.«Қарлығаш» тобында қатыстым . Гүлзаттың «5ке дейін санау» ашық ...йымдастырылған оқу қызметінде дәстүрлі және дәстүрден тыс педагогикалық ...хнологияларды,триз,мнемокесте ,құм терапиясы,флипчартты пайдалана ...тырып жұмыс жасады.Өте керемет алып шықты.Әдіскер Раушанның да еңбегі ...п деп ойлаймын. Жазира,Раушан,Гулзатты облыстық білім бөлімінің ...арапатына ұсынамын.

**2. «Айгөлек» балабақшасының әдіскері Тукушева Гүлжамал.**

Балабақшаның тазалығы,сыртқы келбеті барлығы өте керемет.Ботақан ...обына «Күзгі баққа саяхат» тақырыбында ашық ұйымдастырылған оқу ...ызметіне кірдім.Онда Ералиева Асемгүлдің балаларды өзінің әсем дауысымен ...аурап , баубақшаға саяхатқа шыққаны, қайта оралғаны,шығармашылық ...ұмысында әдемі үйлестірген. «Қызыл телпек» ертегісінен қонаққа келген ...айназарова Ұлбала «Орман сиқыршы» рөлінде керемет ойнап шықты.

«Балдырған» тобында орыс тілі маманы қатты ұнады.балаларды еркін ...ойлеп өзіне баурауы,сұрақ жауапты ,ойынды ,сергіту сәтінде керемет алып ...ықты. Динаның кленкалы театры,флипчарт,бастырма әдістері бәрі керемет ...олды.Қыздарға ,ұйымдастырған басшыларына көп рахмет.Облыстық ,аудандық ...ілім бөлімінің марапаттарына ұсынамын.

**3. «Шырайлым» балабақшасының әдіскері Ж. Тайтелі:**

Балабақшаға кіргеннен өте жақсы әсерде болдым . «Балауса» тобының ...Еүз байлығы» тақырыбында ашық оқу қызметіне кірдім. Балалармен бағбан ...таның жемістерді ажырата білуі ,Құмға сурет салу,жаңа акт

Scanned by TapScanner

қолдануы,бастырма әдістерін жақсы меңгерген. Балалардың ой өрісінің дамуына жақсы ықпал етеді. Сабақ өз деңгейінде өтті.

**4. «Балауса» балабақшасының әдіскері Бекжан Нұрсұлу:**

Мен жалпы балабақшадан үлкен әсер алдым. «Ботақан» тобында болдым. Күзгі бақка саяхат» тақырыбын балалармен тәрбиешісі шығармашылық ...апсырмасымен жақсы аша білді.Қызыл телпекті ойнаған қыз орман ...ңкыршысында ойнады деп ойлаймын,өте жақсы рөлге ене білді.

«Балдырған» тобы сиқырлы сөз ,шығармашылығы балалардың,тіл ...стартуы

Ұ,Ү деген әріптерді жақсы ұйымдастырған,орыс тілі маманы жылдам ...ымылды екен,сергіту сәтін ,дидактикалық ойынды әдемі үйлестіре ...ілді.Семинар өз деңгейінде өтті. Менде сіздерді облыстық,аудандық білім ...өлімінің марапатына ұсынамын.

**5 «Ақмарал» балабақшасының тәрбиешісі Сарсенова Жұлдыз:**

Бүгінгі семинар әріптестер жақсы өтті. «Балауса» тобына «Күз байлығы» ...ақырыбында ашық оқу қызметіне кірдім.сабақта маған бағбан атаның және ...немересінің кәдімгі жеміс ағашындағы жемістерді таныстыруы ұнады.

«Балдырған» тобы Дина апайдың ертегісі,кірпінің жемісті бөліп,аюдың ...ірлік бар жерде тірлік бар дегені ұнады. Қасымхан деген бала аюдың даусын ...ремет салып ойнады. Қыздарға рахмет! Өте жақсы өтті, мақсатына жетті деп ...йталамын,

**6. «Балбөбек» балабақшасының тәрбиешісі Алимбаева К:**

Ұжым өте керемет.Қатар тұрғанда белдемшелеріңіз өте жарасымды. Сатен ...пай бағбан болыпта қатысты.Меруерт өзін еркін ұстап балаларды әдемі игеріп ...абағын өз деңгейінде алып шықты.

«Қарлығаш» тобында Гүлзат өте зерек тазша баланы «қуыс үйден құр ...ықпа» деп бұрынғы салт дәстүрді ұстанып сандығын бос қайтармады.Мен ...еминарға келгеніме қуаныштымын.Көп дәріс алдым. Шырын апайға рахмет!

**7. «Қарлығаш» балабақшасының әдіскері Қуандықова Ә:**

«Балауса» тобында болдым.Күзгі бақтары,қаладан келген немересіне ...ағбан ата жемістерді таныстыруы жақсы болды

«Қарлығаш» тобындағы Гүлзатты әрине конференциядан таныймыз.Жыл ...згілін айтып өтуі,балаларды алтыға бөліп меңгеруі өте әсерлі болды.Барлық ...ехнологияларды меңгерді.

Сосын маған ұнағаны таспен көмкеріп ою жасағандары,психологтың ...Алтын сарай» тренингі, «Кір жуатын машина» тренингі өте жақсы ...олды.Әдіскер Икрам Раушандыда атап өткім келді. Аудандық білім бөлімінің ...арапатына ұсынамын.

**8. «Аққу» балабақшасының әдіскері Бектұрғанова Райхан:**

Балабақшада тазалық өте керемет. Меруерттің тобындағы балалардың ...еке жеке жауап беріп,кіріктіріп оқуды жақсы меңгерген.Бағбан атамен ...андасудың өзіндік тәрбиелік мәні зор.

«Қарлығаш» тобына кірдім. Гүлзаттың тобына кіргеннен киімдері ...арлығы әсер қалдырды. Аудан орталығынан шалғайда болсада барлық ...ехнологияны меңгерген. Психологтыңда ,музыканттыңда ,әдіскердіңде

Scanned by TapScanner

ібектері зор.Сосын Шырын апайдыңда еңбегі зор,сағат бойы тікесінен тік рын,басы қасында жүрсіз. Рахмет сізге Шырын апай! Менде аудандық блыстық марапаттарға осы қыздарды ұсынамын.

**9. «Нұр-Бекарыс» балабақшасының әдіскері Құрманқұлова ұлхайым:**

Балабақшаға кіргеннен ою таспен жасалған,тазалықтары ,көрмесі керемет сен ,қатты ұнады.

Меруертпен Гүлзаттың сабақтарына кірдім.Әр баланы жеке –жеке тақпақ йтқызып ,флипчарт арқылы жемістерді ,көкөністерді ажыратуы жақсы болды, арлық технологияны игеріп шықты.Психологтың жақындасу аясындағы ренингі қатты әсер етті. Әдіскер Раушан апайдың еңбегі зор.Барлығын удандық,облыстық марапатқа ұсынамын.

**10. Аудандық білім бөлімінің әдіскері Пернебай Шырын:**

Мен бұл балабақшаны көргім келді.Шалғай өңір болсада ауа-райы жайсыз олсада осы балабақша жақсы сақталған. Бұл балабақшаның 2004 жылы қайта шылар кезінде Жакен Орынкүл апайдың қанша күш жұмсап,ауданға бір облысқа бір жүгіріп «Балдырған», «Балапан» топтарын ашып ,ауылдағы аншама қыз келіншектерге жұмыспен қамтамасыз етті. 2011-2012 жылы тағы кі топ қосып 80баламен қамтылды, Орынкүл апайдың бейнеті ұшан теңіз,күн үн демей жұмыс жасады .Балабақшаның қазіргі осындай жағдайға жетуінің өзі сы апайдың арқасы 2016жылы күрделі жөндеуден өткізді. Менің ең бірінші ояттын бағам. Осы балабақшаның меңгерушісі Жакенова Жазираның еңбегін йтқым келеді.Осындай анасы бар Жазира бақытты. Анасының тәрбиесін алған Жазира бүгін міне тәжірибелік семинар өткізіп ісімен көрсетіп жатыр. алабақшаның ішкі сыртқы тазалығы,келе жатқандағы рухани жаңғыру аясында Көш көлікті болсын» атты көрмесі ,балабақшаның айналасындағы майда астармен әдемі жасалған оюлары, сахнаның безендірілуі ,әсемделуі бәрі ақырыпқа сай жасалған дүние.

**Барлық балабақшаларды саралай келе,семинар өткен кезде жұмыстары** өрінеді.

Болашақ елдің тірегі балаларға білім береміз. Бірінші бойын түзейді,содан ейін ойын түзейді,Этика,эстетиканы сақтай отырып балаларға білім береді.

Әрине кемшіліктеріде болды.Осылардың бәрін болдырмау үшін әрбиешілер ұйымшыл болуы керек. Негізгі мақсат орындалды. Сіздер жақсы еген баға беріп отырсыздар оған менде қуаныштымын. «Рухани жаңғыру», Күз езгілі,сахнаның өзі күз мезгілі екенін білдіреді.Қыздардың бүгінгі айындықтары жақсы. Барлық топқа кіріп көрдім.топтардың безендірілуіде ақырыпқа сай болды.әр топтың балаларыда оқу қызметіне жақсы қатысып тырды. «Ботақан» тобындағана жаңа АКТ қолданылмай қалды,қалған оптардың бәрінде жаңа АКТ қолданды, жалпы орталықтарға жақсы бөліп ойған ,балалар емін еркін орталықтарға барып қалағандарын жасап атыр.Бүгінгі ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерінде триз,мнемокесте,құм ерапиясы,бастырма,кленкалы театр,дәстүрлі және дәстүрден тыс технологиялар олданылды.Тосын сәтке кірген тәрбиешілердің бағбан боп,тазша бала оп,қызыл телпек ,орман сиқыршысы,Күз ханшайымы болған актерлық шеберліктері қандай керемет болды. Әрқайсысы өз рөлдерін әдемі орындап

Scanned by TapScanner

ныкты.Гүлзаттың тапша балаға «Ауыз үйден құр шықпа» деп асықтарды берген.

Негізінде «Қуыс үйден құр шықпа» деп айтылады. Әкелген сандықшасы құр кетпесін деп қазақи салт дәстүрімізді ұмытпай сандықшасын құр қайтармады. Психологтың тренингі ,музыка жетекшісінің ертегі желісімен құрған концерттік бағдарламасы бәрі жақсы болды. Балалардың ,барлық педагог қызметкерлерінің бірдей формада тіккізген киімдері өте жарасымды . Балабақша жұмысы оңай емес,сіздерге тек табыс тілеймін.Отбасыларыңыз аман болып еңбектеріңіздің жемісін жейі беріңіздер.

**Қаулы:**

1 «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында мектепке дейінгі ұйымдарда білім берудің тиімді әдістері» тақырыбында аудандық тәжірибелік әдіс алмасу жұмысы жоғары деңгейде өтілді деп саналсын.

**2**«Қызғалдақ» бөбекжай балабақшасының МКҚК меңгерушісі Жакенова Қазира Айтбековнаға Облыстық Білім Департаментінің Құрмет грамотасына ұсынылсын.

«Қызғалдақ» бөбекжай балабақшасының әдіскері Икрам Раушан Төребекқызын Аудандық Кәсіподақ Ұйымының Құрмет грамотасына ұсынылсын.

Тәрбиешілер: Әбдіқадір Гүлзат Әбдіманапқызын,Иманбай Дина Есенбайқызын,Ералиева Әсемгүл Мірсейітқызын,Медетова Меруерт Жонкаровнаға Аудандық Білім Бөлімінің Алғыс Грамотасына ұсынылсын. Психолог Қамбарова Бақтыгүл Мусабековнаға,музыка жетекшісі Нұржанова Гүлмира Алижаппаровнаға, тәрбиешілер Әбен Мейіргүл Арапбайқызын, Байназарова Ұлбала Амангелдиевнаға,Махан Динара Рахматуллақызын,Кошербайева Нұршат Сапарғалиевнаға,Ануарова Жайдаркүл Жанбекқызын,Тәрбиеші көмекшісі Керімбаева Меруерт Қаныбекқызын,медбике Исебаева Сатен Тұрарбековнаға Аудандық Кәсіподақ Ұйымының Алғыс хатына ұсынылсын.

**3.** «Қызғалдақ» бөбекжай балабақшасы МКҚК-ның педагог қызметкерлері тәжірибесін одан әрі жетілдіріп,іс тәжірибесін жинақтасын.

Балабақша меңгерушісі: Ж.Жакенова
Хатшы: М.Әбен.

Scanned by TapScanner